

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 мамырдағы N 738 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтар N 139 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.12 № 320 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мұқтаж азаматтарға олардың білім алу кезеңінде берілетін әлеуметтік көмектің мөлшерлері мен көздері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 мамырдағы N 738 P000738_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 23, 261-күжат) мынадай толықтыру е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Мұқтаж азаматтарға олардың білім алу кезеңінде берілетін әлеуметтік көмектің мөлшерлері мен көздері туралы н ұ с қ а у л ы қ т а :

3-тармағы мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"Жоғары, орта және бастауыш кәсіптік оқу орындарының жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, қамқорлықтағы (қорғаншылықтағы) және патронаттағы студенттері мен оқушылары, сондай-ақ атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан кәсіптік мектептер (лицейлер) оқушылары оқу процесі кезеңінде республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен жетім балаларға арналған күндізгі тағам мөлшері құнының 40 пайызы есебімен тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі